

III. 3. ЗЕКЕНОВА

КӨРКЕМ ШЫГАРМАЛАРДА КЕЗДЕСЕТИН КЕЙБІР БЕЙВЕРБАЛДЫ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ҮЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамның әркілі көніл-күйінің толқуы мен қуанышы (эмоция) әсерінен айтылатын сөз орамдары болады. Кез келген халықтың тілін алсақ та онда үлттық болмыстың ұғымына катысты көніл-күй көріністерін байқаймыз. Әр халықтың жылдар бойы қалыптасқан мінезд-құлқы мен салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, үлттық менталитетіне қарай көніл-күй көріністерін колдануы мен айтылуында ұқсастықпен қоса ерекшеліктерін де көруге болады. Этномәдени белгілер арқылы коммуникация кезінде колданылатын қымыл-әрекеттер мәлімет берумен қатар, қатынасқа катысушы жеке тұлға (үлтты, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, психологиясы) ерекшелігін байқаймыз. Осы тұрғыда тілші Б. Момынова, ... коммуникацияның бейвербалды элементтеріне, яғни ым мен ишаратқа, дene қымылдарына қарап отырып, адамның қай үлттың, қай құрлықтың өкілі екенін шамалауға болады, өйткені әрбір үлттыңдене тілінің өзіндік сипаты ерешелігі бар және осы ерекшеліктер көбінесе фразеологизмдерге негіз (үйткы) болып табылады? [1, 7] деп атап өтсе, орыс ғалымдары И. Н. Горелов пен К. Ф. Седов «... сөйлеудің үлттық-мәдени қалыптары әртүрлі халықтар қатынасының этикет нормаларымен тығыз байланысты. Этикет ұғымының астарында адамдардың өзара қарым-қатынас жасауының тәрбиелік ерекшеліктері ұғынылады. Бұл ретте белгілі бір қоғамда орнықкан жақсылық нормалары туралы қозқарастар, өзгелерге деген ілтират, қаратып айту мен амандасу формалары, қоғамдық орындарда өзін ұстая ережелері, киім кию үлгілері т.б. аталады ... «деп анықтама береді [2, 125-126].

Үлттық-мәдени ерекшеліктерді саралауда тілдік амалдармен қоса бейвербалды амалдар да қолданылады. Адам тілмен айтып жеткізе алмаған ойын ым, ишара, емеуірінмен де жеткізеді. Шығыс елдерінің үлттық-мәдени ерекшеліктеріне орай колданылатын кинемалар еуропалықтардан ерекше. Соның ішінде қазақ мәдениетінде ым мен ишара, емеуіннің үткыр сөз орамдарымен қатар қоса қолданылуы келелі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйір дәні десек те болады. Халқымыздың «Ымды білмеген –

дымды білмейді» деген көнеден келе жатқан даналы сөз айтар ойға дәлел. Мысалы, аскан шешендігімен, тапқырлығымен ел ішінде аты аңыза айналған Шоң мен Ақтайлақ билердің емеурін, ыммен «сөйлесулерін» алуға болады:

Ақтайлақ тоқтап:

— Шоң, Шоң! — деп дауыстайды.

Шоң жалт қарайды. Ақтайлақ қолын көпке бір сілтейді, көкке бір сілтейді де ернінің қасын ұрады. Екі би түсінісін дау осы ишаратпен бітеді. Жанындағылар емеуірінді түсінбей сұраганда, Шоң былай деп шешіп берген екен:

— Ат үстінде тұрып қолымен ымдағаны — менің тұрмысымды қояқта құдай білсін, жерде екеуіміз-ақ білейік, кедейлігімді ешкімге айтпа дегені, — депті.

Тағы бір мысал атакты Сырым мен Бөкен арасындағы өңгімені келтіре кетейік:

Сырымга қарап Бөкен басын шерткен екен.

Сырым оған аузын ашип, тілін көрсеткен екен. Сырымның қасындағы жолдастары: «Бөкен саган неге басын шертті, оған сен аузыңды ашип, тілінді шыгардың, ол не сөз?» — дейді. Соңда Сырым: «Ол кісі маган басын шерткені — басқа бәле қайдан келеді», — деген жұмбагы еді; менің оған тілімді көрсеткенім: «Басқа бәле қызыл тілден келеді дегенім», — депті [3, 125-126]. Бұл мысалдардан байқайтынымыз, ерте кездегі шешендердің сөз салтаудағы, ой айқындығын жеткізу дегені ен бір үткірлығы — ұзак сөзбен үтпай, ұрымтал оймен ұтып, ишарамен, емеурін арқылы да өзара түсінісіуі.

Тілші А. Исламның айтуынша «...үлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілердің бірі — этно-мәдени белгілер. Олар жалпы ритуалдан туындаиды, яғни қандай да болмасын этномәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», — дей келе [4, 125-126], бейвербалды амалдарды үлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді. Жалпы бейвербалды амалдар: универсалды және үлттық болып екіге бөлінеді. Универсалды бейвербалды амалдар — жалпыға ортак, түсінікті, мәдени ұқсастықтары бар, коммуникативтік қызметте бірдей семанти-

калық мағынасымен ерекшеленсе; ұлттық бейвербалды амалдар – белгілі бір топ арасында қолданылатын, семантикалық мағынасы шектеулі, ұлттық нышандарға ие, мәдени, өлеуметтік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Қазақ халқы ым-ишарапарға аса бай. Бейвербалды амалдарды қызметі жағынан әлеуметтік топтарға, жас ерекшеліктеріне, психологиясына қарай топтастырамыз. Бейвербалды амалдар жағдаятқа байланысты әр қырынан көрініп, кейіпкер туралы қосымша эмоционалды-экспрессивтік хабар береді. Айтальық, қазақ халқына ғана тән ым-ишарапарға: ашуланғанда: *жұдьрығын түю, қамышымен согу, топырақ шашу* (әйел адамдарда): *теріс бата беру, бармагын шыгару*; ұялғанда: *сүк саусағымен бетін сыйзу, бетін басу, козін томен салу, тіке қарамау, бетін шымшу*; қайғырғанда: *дауыс шығарып жылау, шашын жаю, бетін жырту, бүйір таяну*; амандасуда: *иіліп сәлем ету, тізе бүгін сәлем беру, төс согыстырып амандасу; малдасын құрып отыру; қол жаю/бата беру* т.б. атауға болады. Аталған бейвербалды амалдарды көркем шығармалардан көру арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, психологиясын, мәдениетін, қозқарасын айқындаудағы жазушының шеберлігін байқаймыз. Енді көркем шығармаларда кездесетін кейбір бейвербалды элементтердің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне токталайық.

Ұялу, қымсыну – адамның ойламаған жерде болған қолайсыз жансақ іске қиналып, соны ашық мойындауы көп жағдайда адамгершілік пен білімдарлықты, әділеттілік пен ізеттілікті танытатындықтан, айнала – төнірегіне кешірім өтінгендей әсер қалдырады [5, 11.] Ұялу – әйелдерге де тән қасиет болғандықтан қолданылу аясы кен. Әйелдерге тән ұялу кинемаларына: *бетін шымшу, сүк саусағымен бетін сыйзу, бетін басу, ернін шыгару, бетті сүк саусақпен сыйып, еki қолымен басып, тагы да бетті шымшу, теріс айналуды жатқызуға болады*.

1. - *Ұят-ай, мынау шіп апты ей, – деді ол бетін шымшип* (С. Мұратбеков, Басында Үшқараның ...», 397 б.).

2. - *Ұят-ай! ... Бала-шаганың көзінше сен де қайдагыны айтасың-ау, Жақа!* – деді Ханбібі сүк саусағымен он жақ бетін сыйып (Қ.Жұмаділов, Дарабоз. Жұлдыз, 6/1996, 98 б.).

3. *Бетті бастым*

Қатты састым

Тұра қаштым жалма-жсан (Абай) [1. 30.]

Тағы да ұлттық нақыштағы кинемаларға *малдасын құрып отыру*; достық, мейірбандық ниетпен жасалатын – *арқадан қағу*; қуанышты, жеңісті білдіретін – *кеудесін согу*; қатты ашулағандағы – *жұдьрық түю*; амандасу рәсіміндегі – *төс қағыстыру*, *тізе бугу, бас ііп сәлем беру, қос қолданап, қол құсырып амандасу*; қайғырып жылағанда: *жаулығымен көзін сұрту, дауыс шыгару, шашын жаю, шашын жұлу, бетін тырнау* т.б. кинемаларды атауға болады. Аталған кинемалардың бәрі ұлттық негіздегі, тек қазақ халқына тән ишаралар болмак.

1. *Анау шынтақтан көлбей жатқан аққұба келген, атжасақты жігіт Шәкәрім де кеудесін көтеріп, малдас құрып отырды* (Ә. Ыбырайымұлы, Ақ кекіл. 36 б.).

2. *Ол: «Аман-есен келдің бе?» деп бауырына қысып, арқамнан қағып жатыр* (Ә.Нұршайықов. Махабbat қызық мол жылдар, 1836.).

3. *Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшагын айқастыра, кеудесіне кеудесін тигізіп, әуелі Асан қайғымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты* (І. Есенберлин, Көшпендеріл. 85 б.).

4. – *Арсыз ба, Бұқар-еке!* – деді *Науан ұста қос қолын кеудесіне қойып* (І.Есенберлин, Көшпендеріл).

Келтірілген мысалдарды саралай келе кинемаларды биологиялық, яғни жыныстық ерекшеліктеріне орай жеке ерлерге тән және жеке әйелдерге тән кинемалар деп бөлуге болады. Жыныстық ерекшеліктеріне қарай қолданыстағы ым-ишарапардың өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни әйелдерге тән кинемаларды ерлердің колдануы ерсі көрінсе, ерлерге тән кинемаларды әйелдердің колдануы әдеп, дәстүр бойынша тыйым салынған. Сол себепті кинемаларды жыныстық ерекшеліктеріне орай жеке-жеке қарастырған дұрыс.

Халқымыз бата беру дәстүрінде сөз қадіріне аса мән берген. Бата он және теріс деп жалпы құрылымына қарай бөлінетін белгілі. Он бата (алғыс) – имандылық пен ізгілікке, мейірімшапағатқа, тазалыққа, жақсылық пен игілікті максат тұтуға негізделсе, теріс бата (қарғыс) – зәбір-жапа шегіп, адамның жәбірленушісіне қарсы кери әсерлі, көнілінен шықпайтын жатқылық көрсетіп, қарсы келіп бағынбағанда, адамшылыққа жатпайтын оғаш, жан түршігерлік қияннатты да қылмысты қылық көрсеткендеге карата айтылады [5, 194].

1. Көкке шығып кеп: «Ешкім көрінбейді», – дейді. Сонда би: «Пай-пай, болмас... – депті де, «Тоғыз ата толғанша, тұңлігінді ешкім ашасын!» – деп қолын теріс жайып, теріс батасын беріп ті (С. Қылышқызы. «Абай ауылы» аудандық газеті, 1992 ж. «Сара көкірек Сара әжей»).

2. Талып жатқан күйінен есін жаңа жиын, екі көзін алартып ашип, атасына жаңа қараган Әмір-ге, Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Намаздагыдан мінажат қимылын, сұық тілек қимылын жасады. Әмір мен Абайга қатар созды. Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі (М.Әуезов. Абай жолы, 111 б.).

Сонымен қатар теріс батаның да тек әйелдерге қатысты тұрларіне ақ сүтін көкке сауу, артынан топырақ шашу, шөпті қоктей жұлу ишараларын келтіруге болады. Ақ сүтін көкке сауу ишарасы анасының баласынан көнілі калғанда, яғни өз баласының ісіне қарсы болғанда немесе қатты зәбір көргенде жасайтын ең ауыр қарғыс ишарасы.

1. Мұхамед-Шайбани мен Махмұд-Сұлтанға бірінші бол шоқпар сілтемеймін, – деп екеуіміздің алдымызда ант бераудың отінем. Егер бұл арманымды орында маса ақ сүтімді көкке сауып отем (І.Есенберлин. Көшпенділер, 2006.)

2. Багана гана Үмітжан атаң барын алдыңа тосса, әлгінде гана Нұжіш кемпір жер-жебір жекен сұыңа жетті. Артыңан топырақ шашын шығарып салды (О. Бекей. Үркер).

Ұлттық дүниетанымын тануда казақ халқына тән салт-дәстүрі мен рәсіміне қатысты кинемалар, этнопсихологиясына қатысты тыйымдары мен ырымдарының алатын орны ерекше. Ендігі қарастыратынның қазақ дәстүрінде кездесетін кейбір ырым, тыйымдар. Айталақ, казақ дәстүрінде әйелдің ереккеке сакина беруі жүрек сироның ишаралы.

... – бір бейшара жеңгемді көрдім деп есінізге сақтай жүзу үшін мына сақинамды алыңыз, – деп Тайдолла сұқ қолындағы алтын сақина жузігін берді (І.Есенберлин. Алтын орда, 2 кітап, 156 б.).

Қазакы наным-сенімдерге байланысты, өсіреле кішкентай балаларға қолданылатын тіл-көзден сактау үшін, яғни көз тимес үшін «шекесіне күйе жағу» ырымы бар. Мысалы:

Нәзира әткем еңкейген кезде әжем саусагындағы күйені оның бір жақ шекесіне болар-болмас жағып қояды (С.Мұратбеков. Жабайы алма. 19 б.). Сонымен қатар «күйе жағу» ырымы қорлықты әрі жазалауды білдіреді. Күйе жағылған адамды ертеде «қара бет» деген.

Ер баланың алғашқы еңбегінің жемісі ретінде «тана тағу» ырымы бар, бұл баланың жігіт болғанының белгісі, ондайда балаға арналып той жасалады. Мысалы:

Сойтін қырмандағы әйелдер кеу-кеулесін тесік тишиндарын, тана-монақтарын жинап, менің қарсылығыма қарамастан омырауыма, етегіме тізілтін тізіп тастады (С.Мұратбеков. Жабайы алма, 95б.).

Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі наным-сенімдерге байланысты магиялық сипаттағы ишаралар да кездеседі. Айталақ – шөміш қағу. Бұл ырым көкек айы туғанда жаңбыр, найзағай жарқырағанда далаға шөміш алып, үйді айнала сол шөмішті соғып, табиғат анадан молшылық пен жақсылық тілейтін ырым.

Мысалы:

Балсары ауыз болмеде ыдыс-аяқтарды даңғұр-дуңғыр еткізіп шөмішті ала шықты. Үйді айнала жүріп: «сүт көп, көмір аз, сүт көп, көмір аз» деп ырым қып шөміш қақты (С.Мұратбеков. Бекеннің құбылысы, 209 б.).

Тіл біліміндегі тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар, табу – ежелгі әдет-ғұрыпка, діни наным-сенімге байланысты тұра айтуға тыйым салынған атаулар мен есімдерді тұспалдап түсіндіру немесе соған балама болатын басқа сөзбен немесе синонимімен айту [5.237]. Тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың бірқатары діни-наным сенімге орай айтылса, енді бірі ритуал, салт-дәстүрге байланысты айтылып, мәдени-эстетикалық мәні зор болмак. Ғалым А. Сейдімбек тыйымдарды үшкे бөліп қарастырған:

1. адамға қатысты тыйымдар: *кісіге қарап көріле, тізенді құшақтама, шашыңды отқа тастама, тісіңді қайрама, басыңды шайқама, қолыңды тобеге қойма, қолыңды айқастырма* т.б.;

2. қоғамға қатысты тыйымдар: *қыз баланы ұялтпа, әйелге қүш көрсетпе, баланы басқа ұрма, ұлкеннің жолын кеспе, үйдегі қонақтарды санама, жақын адамдарға пышақ, мылтық сыйлама, «Құранды» жерге тастама, кісі ақысын жеме* т.б.;

3. табиғатқа қатысты тыйымдар: *жұлдызды санама, үш күн айтта кір жума, тұнде айнага қарама, күн шықпай күл төкпе, қокті жұлма, айға қарап дәрет сыйларма, айды қолыңмен көрсетпе* т.б.

Бұдан шығар қорытынды, келтірілген мысалдарды талқылай келе бейвербалды амалдар коммуникация кезінде қосымша мәлімет беріп қана қоймай, коммуникацияға қатысушы тұлғалардың ұлттық, өлеуметтік, психологиялық, мәдени

өзгешеліктерінен де хабардар етеді. Демек, бейвербалды амалдар тілдік амалдар сияқты ұлттық феномен.

ӘДЕБІЕТ

1. *Момынова Б., Бейсембаева С.* Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы, 2003. 136 б.
2. *Горелов И.Н., Седов К.Ф.* Основы психолингвистики. М.: Лабиринт, 2001. 304 с.
3. *Шешендік сөздер / Құраст.* Б. Адамбаев. Алматы, 1990. 163 б.
4. *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғыл. док. ғылыми дәрежесін алу

үшін дайындаған авторефераты. Алматы, 2004. 54 бет.

5. *Көңіл-күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары / Құраст.* С. Бизақов. Алматы: ТОО «Самара-Принт», 2007. 298 б.

Резюме

Рассматриваются некоторые виды невербальной коммуникации, присущие представителям казахской культуры.

Summary

Some types nonverbal communication are examined in this article. Inherent to the representatives of Kazakh culture.